

Марат Оспанов атындағы мемлекеттік медицина университеті

МАМАНДЫҚ: ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

ТОБЫ: 403

ДИСЦИПЛИНА: МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ БАҒАЛАУ

КАФЕДРА: ДӘЛЕЛДІ МЕДИЦИНА

*Тақырыбы: Медициналық технологияны бағалау
бойынша жұмыс: практикалық сұрақтар*

Орындаған: Мұханбедиярова Ардақ

Тексерген: Маннапова Акжунис

Иманкуловна

Жоспар

- I.Кіріспе
- II.Негізгі бөлім
 - 1.Медициналық технология, мақсаты мен міндеттері
 - 2.Мед.технологияны бағалау және оны жүзеге асыру
 - 3.Қазақстанда медициналық технологияны бағалаудың алғаш пайда болуы
- III.Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

Медициналық техника - аурудың алдын алу, диагностика жасау, емдеу және сауықтыру мақсатында, сонымен қатар санитарлық-гигиеналық және індетке қарсы шараларды орындау, дәріханаларда дәрілер дайындау барысында пайдаланылатын техникалық заттардың жиынтығы.

Мақсаты:

- халықтың денсаулығын жақсарту;
- медициналық аппараттардың көмегімен нақты диагноз қойып, науқасты толық емдеп шығару;
- қажет көлемде сапалы және қауіпсіз медициналық көмекпен қамтамасыз ету;
- медициналық аппараттардың артықшылықтары мен кемшіліктерін, қолжетімділікті талқылау.



- **Міндеттеріне:**

- аурудың алдын-алу мен оны ерте айқындау;
- науқасқа қауіп тудырмау жолы арқылы зиян келтірмеу;
- ресурстарды дұрыс бөлу (адамдық және материалдық);
- науқасты емдеудің жоғарғы сапасымен қамтамасыз ету және оны сауықтандыру;
- медициналық қателерді болдырмау мақсатында ұдайы емдеу мониторингін жүргізу;
- әлемдік стандарттарға сәйкес персоналдардың білімі мен әдетін жетілдіру.



- Ғылым мен техникалық прогрестің арқасында бұрынғыдан да нәтижелі емдеу тәсілдері арқылы халық денсаулығын жақсартуға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар үнемі пайда болып отырады. Денсаулық сақтау саласына жалпы биологиядағы, әсіресе, медицинадағы тың идеялар мен технологиялық жаңалықтар өзінің оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Бірақ технологиялық жаңалықтардың бәрі де денсаулық сақтауда оң нәтиже бере бермейді.



Медицина мен денсаулық сақтау тарихында сенімді ақтамаған немесе тіпті зиян келтірген технологиялардың көптеген мысалдарын келтіруге болады. Дегенмен, нәтижелілігі дәлелденген, яғни оң әсерін көрсеткен технологиялар денсаулық сақтаудағы қиын мәселе болып келеді. Себебі оларды қолдану қосымша ресурстарды (тек қаржы жағынан ғана емес) немесе қолда бар (шектелген) қаражатты денсаулық сақтау жүйесінде қайта бөлуді қажет етуі мүмкін. Медициналық технологиялар - бүкіл әлемдегі денсаулық сақтау саласы үшін ортақ мәселе. Сондықтан оларды қажетті деңгейде бағалап, тиімді түрде пайдалану керек. Қолда бар ресурстарды қолдана отырып, медициналық қызмет көрсетуде оң нәтижелерге жету үшін ұйымдастыру, әлеуметтік және этикалық мәселелерді назарға ала отырып, аса нәтижелі технологияларды енгізуді қолдау керек.

Мед.техниканы бағалауды жүзеге асыру

- Шешім қабылдаушы тұлғалармен қатар, технологиялардың қолданылуына мүдделі қоғамдастық - дәрігерлер, науқастар, өндірушілер және науқастармен жұмыс істейтін ұйымдар МТБ бастамашысы бола алады. Медициналық технологияларды бағалауды жүзеге асыру үшін МТБ ұйымдастырушысы (шетелде бұл тұтастай бір МТБ агенттігі болып табылады) МТБ әдіскер мамандары, ақпаратты жүйеде іздеу мамандары (ІТ-кітапханашылар), фармакологтар, экономистер, клиникалық кеңес беруші дәрігерлер, этика саласындағы және бағалауға қажетті басқа да мамандардан тұратын көпсалалық топ құрады. МТБ үдерісі - құрылымданған клиникалық мәселені талқылау, ақпаратты жүйеден іздеу, оны іріктеу және сараптау, экономикалық сараптама жасау, шешім шығару және МТБ есептерін дайындаудан тұратын күрделі үдеріс. МТБ есебі рецензияланып, оның соңғы нұсқасы тапсырыс берушіге шешім қабылдау үшін беріледі.



- Медициналық технологияны бағалау Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауда шешім қабылдау үшін жүйелі үдеріс ретінде 2009 жылы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында институциялық реформа жасау және технологияларды енгізу» жобасы аясында басталды.

МТБ белгілі бір тәсілді қолданудың ең тиімді жолын, оның жалпы көмек көрсету саласындағы дұрыс орнын анықтау және пайдасы тиер науқастарды айқындауға көмектеседі.

2011-2012 жылдар аралығында ДСДРО стандарттау Орталығы канадалақ CSIH консалтингтік компаниясымен бірлесе отырып, МТБ сарапшыларының базасын құру мақсатында тренингтер ұйымдастырды. 2012 жылдың мамыр айында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі медициналық технологияларды бағалауды жүзеге асыру үшін бес басым тақырыпты таңдап алып, бекіткен болатын.



Денсаулық сақтау қызметтері мен медициналық көмекті стандарттауды дамыту орталығы МТБ бөлімінің мамандары бүгінгі күні CSIH консалтингтік компаниясымен және Қазақстанның клиникалық сарапшыларымен бірлесе отырып, осы есептерді даярлау жұмыстарын жүргізді. Есеп нәтижелері шешім қабылдау үшін ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне тапсырылды.

Сонымен қатар, МТБ жоғары мамандандырылған көмек технологияларының тізімін, республикалық дәрілік формуляр жасау үшін, денсаулық сақтауда инновациялық технологияларды қолдану мақсатында жүзеге асырылады.

2012 жылы Стандарттау орталығы медициналық ЖОО, ҒЗИ, республикалық ғылыми орталықтардың 150 маманын МТБ базасын құру және медициналық технологияларды бағалауды жүзеге асыруға жұмылдыру мақсатында оқытты.

2013 жылдың басында ДСДРО ІНАНТА халықаралық ұйымының (МТБ агенттіктерінің халықаралық жүйесі) мүшесі болды. Бұл ДСДРО мамандарына МТБ нәтижелерін өзара алмастыруға, медициналық технологияларды бағалауды халықаралық деңгейде өткізуге, тәжірибелі сарапшылармен кеңесуге, халықаралық конференциялар мен форумдарға қатысуға мүмкіндік береді.



Қорытынды

Әр түрлі деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдастырушыларын (менеджерлерді) МТБ нәтижелеріне негізделген шешімдерді қабылдауға үйрету жоспарлануды қарастыру. МТБ нәтижелерін көрсету мақсатында халықаралық конференцияларға қатысу да ойластырылу керек. Сонымен қатар, МТБ үдерісіне қалың бұқараны тартқан жөн. Себебі әлемде дәрігерлер, науқастармен жұмыс жасайтын қоғамдастықтар және науқастардың өздері бұрыннан бері және белсенді түрде осы үдеріске қатысуын қарастыру. Өйткені медициналық технологияларды бағалаудың соңғы нәтижесі денсаулық сақтау жүйесіне, яғни халық денсаулығына әсерін тигізетін шешім қабылдау болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Ғаламтор желісі: google.ru